Aşağıda verilen I ve II numaralı metinleri okuyunuz, metinlerin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içerikleri hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz. Abay'ın bu ünlü şiirini ezberleyiniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

I

## Абай Құнанбайұлы
## (1845—1904)



Абай — қазақтың ұлы ақыны, данышпан ойшылы, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ сөз өнерін жаңа биікке көтерген ұлы тұлға.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы 22 тамызда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей обл.) Абай ауданында Шыңғыстау бөктерінде Қасқабұлақ деген жерде дүниеге келген. Әкесі Құнанбай аға сұлтан болып, ел билеген, қайраткер адам болған. Әжесі Зере немересі Ибраһимді еркелетіп Абай деп атап кеткен. Анасы Ұлжан өте сабырлы, сөзге ұста, тапқыр, шешен кісі болған. Анасы мен әжесі Абайға ертегі, аңыз әңгімелерді көп айтатын.

Абай әуелі ауылдағы Ғабитқан молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Медресенің үшінші жылында қосымша орысша оқыды.

Өз өлеңдерін қағаз бетіне түсіруді 1880 жылдардан бастайды. Абай 1904 жылы 5 шілдеде қайтыс болды. Ол "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым", "Жасымда ғылым бар деп ескермедім", т.б. өлеңдерін, "Ескендір", "Масғұт", "Әзімнің әңгімесі" поэмаларын, қарасөздерін, аудармаларын қалдырды. Алғашқы жинағы 1909 жылы "Қазақтың ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері" деген атпен Петербургте басылды.

## II

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба
Ойнап босқа күлуге,
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой —
Бес асыл іс, көнсеңіз...